

қылы жасалған сөздер жүзден астам екендігін айтады. Э.В.Севортян **-ынты** деген жұрнақ екі бөлімнен (-ын+ты) тұрады дейді. Ол бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздерге мынадай мысалдар келтіреді: буланты (буланды – етістік), т.б. Бұл сияқты тілдік деректер В.В.Радловтың сөздігінде көрсетілгендей басқа тілдерден де табуға болады. Мысалы, *ақынты (түрік, қырым татарларының тілінде), ар-*

*занты (телеуит, шор тілдерінде), үйінті (түрік тілінде), үркүнті (түрік тілінде), қазынты (алтай, түрік тілдерінде), қиынты (телеуит тілінде)* т.б.

1. Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы, 2003.

2. Ермекбай Ф. Жер бедері атауларының топонимдер құрамында кездесу жиілігі. // ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2002. №18(52) -103-107 б.

**Ж. Абдигалимова**

Познавательные основы топонимических названий тюркского языка

**J. Abdigalimova**

Cognitive basis of toponomic names of the Turkic language

**Л. Б. Байболат,**

*Астана қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
практикалық қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы*

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ НЕМЕСЕ ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ МЕҢГЕРУ ТАЛАПТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖАСАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Тестілеу жүйесінің маңызды міндеттері қазақ тілін шетел тілі ретінде меңгерудің деңгейлерін жасаумен бірге анықталған деңгейлердің әртүрлі ғылыми-әдістемелік сипаттамаларын жасау болып табылады. Мұндай сипаттамалардың мақсаты – оқу үдерісін қалыптастыру, сонымен бірге қазақ тіліне оқыту нәтижелерінің әртүрлі пішіндері мен оқытудың әртүрлі шарттарын өзара салыстыруға мүмкіндік тудыру. Стандарттар мен талаптар сияқты нормативтік құжаттарды жасау қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту саласы әдіскерлері мен оқытушылары үшін маңызды міндет болып табылады.

Стандарттарды жасаудың негіздері туралы әңгіме бастамас бұрын кейбір терминдерге тоқтала кетуді маңызды деп есептейміз, өйткені белгілі бір терминдік минимум болмаса, өзара түсіністік болуы қиын.

Сонымен, ең алдымен коммуникативтік біліктілік және оны құрайтын ұғымдарға тоқтала кету қажет. Бірақ алдымен жалпы біліктілік дегеніміздің өзінің құрылымын анықтап алайық. «Біліктілік» терминін математикалық логиканың тармағы ретінде Н. Хомский енгізген. Қазіргі кезде термин мынадай мағынада түсіндіріледі: белгілі бір пәнді оқыту үдерісі барысында қалыптастырылатын білім,

дағды, машық жиынтығы, сонымен бірге белгілі бір қызметті атқару қабілеттілігі.

**Коммуникативтік біліктілік** – шетел тілдері құралдары арқылы оқушылар және қоғам үшін маңызды тұрмыстық, оқу, өндірістік және мәдени өмірден алынған қарым-қатынас міндеттерін шешу қабілеті.

**Еуропа біліктілігінде** (Еуропа Кеңесі басып шығарған кітап) лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, прагматикалық біліктілікке назар аударылады. Мұнда сөйлеу біліктілігі туралы айтпай кету де мүмкін емес.

**Лингвистикалық біліктілік**, ол тілдік біліктілікте – оқып-үйренілетін тіл туралы мәліметтер жүйесі болып табылады. Лингвистикалық біліктілік құрамында лексикалық (фразеологизмдер мен тұрақты сөз тіркестерін қосқанда сөздік құрамды білу), семантикалық (белгілі бір ұғымдарды жеткізу әдістерін, мысалы, синонимдерді / антонимдерді, сөздердің мағыналарын және т.б. білу), орфографиялық және фонетикалық біліктіліктерді айқындайды.

**Әлеуметтік лингвистикалық біліктілік** – тілді әлеуметтік контексте тиімді пайдалану үшін қажетті білімдер мен дағдыларды меңгеру. Мысалы, сәлемдесу, сөйлеу түрі мен пішінін (мысалы, бізде оқытушыға «оқытушы!»), ал әйел кісіге «ханым» деп сөйлеу қа-

былданбаған), сыпайылық ережелерін және т.б. білу және дұрыс таңдау қажет. Бұған қарым-қатынас, мысалы салтанатты, ритуалдық (Құрметті мырзалар!) және жолдастық, ауыз-екі (мысалы, қалайсың?) регистрлері де кіреді. Сонымен бірге бұған сыпайылық ережелері, фольклорлық сөз байлығын – мақалдарды, идиомаларды, қанатты сөздерді білу, оларды сөзде жиі қолдана білу де жатады.

**Прагматикалық біліктілік** – дискурс (айтылатын сөзді дұрыс құра білу) біліктілігі, функционалдық біліктілік (әртүрлі коммуникативтік міндеттерді орындау үшін сөздерді қолдана білу); сөзді схематикалық тұрғыдан құра білу біліктілігі (сөзді өзара қарым-қатынасқа сәйкес кезегімен құра білу: мысалы, болған оқиғаларды, жағдаяттарды қалай айта білу, көпшілік алдында сөйлеген кезде дәлелдемелерді қалай құра білу, жазбаша мәтін байланысын қалай құра білу).

Коммуникативтік біліктіліктің маңызды компоненттерінің бірі – **сөздік біліктілік** болып табылады. Тілдік біліктілік деп тілдің көмегімен ойды құрастыру және жеткізе білу және сөзді қабылдау және тудыру үдерісінде осындай әдістерді қолдана білу дағдысы түсіндіріледі. Сөздік біліктіліктің сандық және сапалық құрамы туралы айта кету керек. Ол үлкен немесе кіші болуы мүмкін. Бірақ сөздік біліктілік әншейін жәй мақсат емес, коммуникативтік біліктілік жолындағы аралық бөлік қана болып табылады. Ол оқып-үйретілетін тілдің нормаларына сәйкес қарым-қатынас үдерісінде өзара қарым-қатынаста болу міндеттерін шешу үшін қажетті және жеткілікті ауқымда меңгерілуі тиіс.

Сонымен бірге елтанушылық, пәндік, кәсіби, экзистенциалдық және басқа да біліктілік түрлері бар, бірақ жалпы алғанда стандарттар жасау кезінде жоғарыда айтылған біліктіліктерді ескерсе жетіп жатыр.

Стандарттар елімізде тестілеудің жүйесі жасалмай тұрып-ақ, қазақ тілін шетел тілі ретінде оқытуды ұйымдастыруда (негізінен тіл үйрету курстарында) маңызды орын алған. Мемлекеттік білім беру стандарты білім алушылардың басым түрде тілдік біліктіліктерін жеткілікті түрде жалпы сипаттау болып табылады. Оқытудың бастауыш және орта кезеңдерінде бірыңғай Мемлекеттік стандарт болды.

Қазіргі кезде оқытушыларға, оқулықтар, оқу бағдарламалары авторларына арналған,

білім алушыларға бағытталған оқыту мақсаттарының көп білікті бағдарламалық сипаттамалары жасалып жатыр. Білім беру стандарттары қайта қаралуда және қайта басылып шығуда, енді оларды талаптар деп атасақ та болады. Талаптарды жасау ерекше маңызды болып отыр. Талаптардың болуы оқыту және бақылау жасауды жетілдірудің маңызды шарттары ретінде қарастырылады.

Бұл орайда, Стандарт (Талаптар) оқытудың әрбір нақты деңгейдегі мазмұны мен мақсаттарына қойылатын міндетті ең төменгі талаптардың диагностикалық сипаттамалары ретінде түсіндіреді, сол себепті Стандарттардың ажырағысыз сипаты оны жүзеге асыру үшін қажетті жеткілікті, дәл және нақты болуы.

Қазақ тілін меңгерудің барлық деңгейіне арналған білім беру стандарттары бірыңғай құрылымға ие болуы тиіс, ол қазақ тілін шетел тілі ретінде меңгеру жүйесіне сәйкес келеді. Стандарттың 3 бөлікке бөлінуі, бұл осынау нормативтік құжатты пайдаланушылардың жұмысын жеңілдетеді.

Стандарттардың бірінші бөлімінде қазақ тілін шетел тілі ретінде жалпы меңгерудің осы деңгейіне қойылатын талаптар сипатталады. Бірінші бөлігінде шетелдік білім алушылардың сөздік біліктілігінің мазмұны сипатталады: шетел тілін (немесе жай тілді) оқып-үйренуші әртүрлі коммуникативтік міндеттерді шешу барысында вербалды түрде жүзеге асыруға тиісті интенциялар санамалап көрсетілуі, қарым-қатынас жасау жағдайлары сипатталуы, осы деңгейге арналған маңызды тақырып келтірілуі тиіс.

Бірінші бөлімнің елеулі бөлігі сөздік қызметтің негізгі түрлеріндегі тілдік дағдыларға қойылатын талаптарды жеткізуге арналады. Білім алушылар осы деңгейде оқып және жеткізе білуге қабілетті мәтіндердің сипаттамаларына ерекше назар аударады. Мәтін қарым-қатынастың белгілі бір саласына арналған тақырыпқа сәйкес сөздің функционалдық-мағыналық түрі ретінде сипатталады, оның қажетті мөлшердегі бейтаныс сөздер санына қарай көлемі (пайызбен), ауызша сөз қызметі түріне арналған – айтылу жылдамдығы айқындалады.

Бірінші бөлімнің екінші бөлігі тілдік (немесе лингвистикалық) біліктіліктің мазмұнына сипаттама беруге арналған. Бұл жерде осы дейгейге сәйкес сертификат алуға үміткерлер-

ге қойылатын фонетикалық, лексикалық, сөз құрау және грамматикалық дағдыларға қойылатын талаптар қысқаша және көрнекі түрде баяндалады.

Тестілеу жүйесін құрудың бастапқы кезеңінде барлық стандарттарда, сонымен бірге қазақ тілін арнайы мақсаттарда меңгеру деңгейіне, яғни шетелдік білім алушының **кәсіби бағытын ескере отырып** қойылатын талаптар да болу керек. Қазіргі кезде Ресейде мұндай стандарттарды өз алдына бөлек басып шығаруға шешім қабылданды, өйткені орыс тілін оқып-үйреніп жүрген шетелдіктер барлық жағдайда оны өздерінің кәсіби қызметтерінің мақсатында қолдана бермейді. Оған қоса бұрын есептеліп жүргендей, орыс тілін оқып-үйренушілер Ресей жоғары оқу орындарының шетелдік студенттері емес, орыс тілін күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылатын шетелдіктер болып шыққан. Біз де дәл осы жағдайды ескеруіміз керек.

Қазіргі кезде кәсіби модульдер белсенді түрде жасалып жатыр. Таяу арада, ҚазТЕСТ орталығында тек қана тілдік материалдар ғана емес, бес деңгейге арналған лексикалық мини-мудар жинағы жарық көрді.

Тестілеу талаптарының мазмұнын жақсырақ ұғына түсу үшін қарапайым деңгейге арналған міндеттерді келтірейік:

**Қазақ тілін екінші тіл ретінде жалпы меңгерудің қарапайым деңгейіне қойылатын талаптар:**

**1. Коммуникативтік-сөйлеу біліктілігінің мазмұны**

1.1. Интенциялар. Жағдайлар мен қарым-қатынас тақырыптары.

1.1.1. Әртүрлі коммуникативтік міндеттерді шешу кезінде шетелдік білім алушылар мынадай **типтік сөз интенцияларын** вербалды түрде жүзеге асыра алуы тиіс:

- коммуникацияға түсуі, белгілі бір тұлғамен танысуы, өзін-өзі таныстыруы немесе басқа адамды таныстыруы қажет, сәлемдесуі, қоштасуы, біреумен сөйлесуі, алғыс айтуы, кешірім сұрауы, басқа біреудің алғысына және кешірім сұрауына жауап беруі, қайталап айтуын өтінуі тиіс;

- белгілі бір дерек, тұлға, зат туралы, белгілі бір заттың немесе тұлғаның бар екені немесе жоқ екені туралы, заттың сапасы, кімге тиесілі екені туралы, оқиға, іс-қимыл, уақыт және болған орны, мүмкіндігі, қажеттілігі,

оның себебі туралы сұрақ қоюы және хабарлауы қажет;

- тілек, өтінім, өтініш, ұсыныс, шақыру, келісім немесе келіспеу, қарсылық білдіруге тиіс;

- өзінің қатысын білдіруі: тұлғаға, пәнге, дерекке, оқиғаға, іс-әрекетке баға беруі керек.

1.1.2. Тілді оқып-үйренуші шетелдік азамат мынадай **ситуациялық сөйлесу** кезінде қарапайым коммуникативтік ынта-ықыласын жүзеге асыра білуге тиіс:

- сабақтарда;
- кітапханада;
- қала көшелерінде, көлікте;
- дүкенде, дүңгіршекте, кассада;
- емханада, дәрігерде, дәріханада;
- банкте, валюта айырбастау пунктінде;
- мейрамханада, буфетте, кафеде, асханада.

**1.2. Сөздік дағдыларға қойылатын талаптар**

**1.2.1. Тындалым (Аудирование)**

**А. Монологтық сөздің тыңдалымы**

Шетелдік тұлға монологтық айтылымдағы ақпаратты тыңдай отырып, түсіне білуі тиіс.

**Мәтіннің тақырыбы** тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас үшін маңызды болып табылады.

**Мәтіннің түрі:** хабарлау немесе баяндау. Тиісті қарапайым деңгей талаптарына сай келетін лексикалық-грамматикалық материалдар негізінде арнайы құрастырылған мәтіндер.

**Мәтін көлемі:** 100-120 сөз.

**Сөздің жылдамдығы немесе қарқыны:** минутына 120 – 150 буын.

**Ұсыным саны:** 2.

**Б. Диалогтық сөздердің тыңдалымы**

Шетелдік тұлға диалогты тыңдап, оның мазмұнын түсіне білуі тиіс.

**Диалогтың тақырыбы** тұрмыстық қарым-қатынас үшін маңызды болып табылады.

**Диалогтың көлемі:** 4-тен 8-ге дейінгі айтылым (реплика).

**1.2.2. Оқылым**

Шетелдік тұлға:

- мәтінді оның мазмұнын жалпы қамти алатындай дәрежеде оқуы;

- мәтіннің тақырыбын анықтауы;

- мәтіндегі негізгі ақпаратты жеткілікті толық және дәл түсінуі тиіс.

**Оқылымның түрі:** оқу мазмұнын жалпы жетік меңгеру арқылы оқу.

**Мәтіннің түрі:** баяндау элементтері арқылы хабарлау. Қарапайым деңгейге сәйкес

келетін лексикалық-грамматикалық материал негізінде арнайы құрылған мәтіндер.

1. Аванесов В.С. Форма тестовых заданий. М., 2006, 151с.

2. Андрушина Н.П. Проблемы изучения, преподавания оценки в свете общеевропейских компетенций владения иностранным языком. М.Ю МАКС Пресс, 2005

**Л. Б. Байболат**

**Методические основы составления требований к изучению казахского языка как второго или как иностранного**

В данной статье рассматриваются основы методических усвоении казахского языка как второго или иностранного языка.

**L. B. Baybolat**

**Methodological Basis of requirement composition on studying Kazakh language as a second or a foreign language**

This article discusses the methodological basis of the assimilation of the Kazakh language as the second or foreign language.

**Қ. Ш. Балабекова,**

*аға оқытушы, ҚазМемҚызПУ, Алматы, Қазақстан, [sagi68@mail.ru](mailto:sagi68@mail.ru)*

**СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ДАМЫТА ОҚЫТУ**

Қазақ тілінің синтаксис жүйесін оқытуда оқушыларға сөз, сөз тіркесі, сөйлем деген тіл бірліктері «Тіл – жүйелердің жүйесі» (Ф. Де Соссюр) тұрғысынан түсіндірілді. Оқушылар бастауыш сыныптан дыбыстардың ерекшелігін ұғымдар жүйесі түрінде меңгере отырып, біртіндеп жазу заңдылықтарын таниды. Одан сөздің лексикалық – грамматикалық мағыналары мен олардың ерекшелігін меңгеру арқылы сөз таптары жүйесін тани бастайды. Сөз таптарының меңгерілуі сөйлемнің грамматикалық мағынасын, синтаксис заңдарын игеруге көмектеседі. Әрине, бұл қазіргі оқу бағдарламасының өзі де, тіпті, жобасы да емес. Бұл болуы керек идеалдағы тілді оқыту логикасы. Себебі, осындай бірізділікпен құрылған оқу бағдарламасы ғана оқушылардың ізденімпаздығын, теориялық ойлау қабілетін қалыптастырып, дамытатын мүмкіндіктер табуға болады. Мысалы бастауыш сыныпта оқушылар адамның сөйлеген сөзі түсінікті болуы үшін жалғыз сөздің жеткіліксіз екенін, кем дегенде екі сөздің тіркесуі арқылы ғана бір ой ұштығы түсіндірілетінін анықтайды. Сөздерді тіркестіре отырып, олардың мағыналары да түрленетінін байқайды:

Үлкен бала  
Қызық кітап  
Тәртіпті бала

Бір кітап  
Тентек бала  
Сол кітап

Осының негізінде оқушылар сөздер тіркесінің табиғаты туралы алғашқы қарапайым түсінік алып қоймай, белгілі бір ережелер де шығарады:

1. Сөздер бір – бірімен еркін тіркеседі.

Сөздердің өзара грамматикалық байланыстар арқылы белгілі бір қатынастар түріне түсетіні (анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық) оқушыларға жетінші сыныпта меңгертіледі. Оны оқушылар талдау арқылы анықтайды. Сөз тіркесін меңгертуде мынадай конструкциялардың көмегі зор:

1. Тіркестің құрылымы (бағыныңқы, басыңқы сыңары)

2. Байланысу түрі

3. Қатынас түрі (анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынас)

4. Байланысу тәсілі

І бағыт бойынша тіркестің құрылымын анықтау керек. Сабақты түсіндіру барысында мысалға тіркестер келтірілгенмен, бекіту, қолдану сабақтарында тұтас сөйлемдер беріліп, сөз тіркестерін оқушылардың өзіне таптырту пайдалы.

А) *Алтау сұлулығын ешкім әлі айтып жеткізе алған жоқ.*

Бағыныңқы басыңқы